№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы

# Ата-аналарға арналған тренинг

Сканировано с CamScanner

Ата-аналарға арналған тренинг

Мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып калыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Тапсырма:
I бөлім.
(жай әуенмен 2 шеңбер болып қарама-қарсы айналады, әуен токтаған кезде бір-біріне қарап баланың қасиетін айтады)
(доп беру арқылы ата-ана жауап береді)
II бөлім. Жалпылау.

Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру.

- иә десеңіздер–қолдарыңызды шапалақтаңыз;

- жоқ десеңіздер–аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.

1) Газет бетіндегі мақалалардан, теледидардағы бағдарламадан тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап, қарап жүресіз бе?

2) Балаға тәрбие беру кезінде үйде әке мен ана бірдей ықпал жасай ма?

3) Бала тәрбиелеу жауапкершілігі тек қана анада деп ойлайсыз ба?

4) Сіздің балаңыз ұялы телефон мүлдем ұстамайды және де қарамайды деп айта аласыз ба?

5) Сіздің балаңыз таңертең ертемен өзі тұрады, тазалық гигиенасын (беті-қолын жуу, тістерін тазалау т.б) бұлжытпай орындайды ма?

6) Балаңыз сізге үй шаруасында үнемі көмектесіп отыра ма?

7) Баланы еркін тәрбиелеген дұпыс па, қатаң тәрбиелеген дұрыс па?

8) Баланың атасы мен әжесінің тәрбиесінде, атасы мен әжесінің баласы болуына қалай қарайсыздар?

Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз-ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бойын түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға педагог болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана.

Қадірлі ата-ана! «Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десең, балаға жастайынан түзу тәрбие бер» деп, ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен балабақша өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз.

Сканировано с CamScanner